

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 27 тамыздағы
№ 384 бұйрығына
қосымша

Жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушыларына арналған «Тьюторлықты ұйымдастырудағы, сабақты зерттеу (Lesson Study) және іс-әрекеттегі зерттеу (Action Reseach) процестерін модельдеудегі педагогикалық дизайн» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (80 сағат)

Бағдарлама авторлары:

**Оракова Амангул
Шахарбековна** – п.ғ.к., доцент,
Бельгия ЖМ Гонорар-
профессоры, ХАА академигі
**Наметкулова Фарид
Джанузаковна** – п.ғ.к., аға
оқытушы

Алматы, 2023

Жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушыларына арналған «Тьюторлықты ұйымдастырудағы, сабақты зерттеу (Lesson Study) және іс-әрекеттегі зерттеу (Action Reseach) процестерін модельдеудегі педагогикалық дизайн» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курстарының білім беру бағдарламасы (80 сағат)

1. Жалпы ереже

1. «Тьюторлықты ұйымдастырудағы, сабақты зерттеу (Lesson Study) және іс-әрекеттегі зерттеу (Action Reseach) процестерін модельдеудегі педагогикалық дизайн» тақырыбындағы біліктілікті арттыру курсының бағдарламасы (әрі қарай - Бағдарлама) жалпы білім беретін орта мектеп мұғалімдері мен колледж оқытушыларына арналған (80 сағ.).

2. Бағдарлама білім беру мазмұнын жаңарту (әрі қарай - ЖББМ) контекстінде Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың негізгі бағыттары мен нормативтік құқықтық актілерінің инновациялық форматына сәйкес тьюторлық, сабақты зерттеу (әрі қарай – LS) және іс-әрекеттегі зерттеу (әрі қарай – AR) процестерін модельдеу үшін қажетті теориялық білім мен практикалық дағдыларды беруге бағытталған.

2. Глоссарий

Action research (сөзбе-сөз - **Іс-әрекеттегі зерттеу**) - оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдіру мақсатында бірізді, тізбектелген, жоспарланған іс-әрекеттерді орындауды, сондай-ақ зерттеу барысында алынған нәтижелерге жүйелі түрде мониторинг жүргізуді көздейтін үдеріс.

Gap-талдау (ағылш. gap - "алшақтық") - бұл қазіргі жағдай мен қалаған нәтиже арасындағы алшақтықты азайту әдісі. Оның көмегімен жоспарланған көрсеткіштерден ауытқу ауқымын анықтауға, стратегияны түзетуге және қосымша ресурстарды табуға болады.

Lesson Study – (ағыл. – зерттеу, оқыту сабағы) – оқыту тәжірибесі саласындағы білімді жетілдіруге бағытталған сабақтағы іс-әрекеттегі зерттеудің ерекше формасымен сипатталатын педагогикалық технология.

Андрогогика (гр. ἀνήρ ἀνέρ-ересек адам, ер адам; ἄγειν ἄγειν-жетектеу) - ересек субъектінің білім мен дағдыларды игеруінің өзіндік заңдылықтарын, сондай-ақ кәсіби педагог тарапынан осы қызметті басқарудың ерекшеліктерін ашатын оқыту теориясының бөлімі.

Инклюзивті білім беру – ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке-дара мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық білім алушылардың білім алуға тең қол жеткізуі үшін жағдай жасау.

Кейс – педагогикалық үдерісті және педагогтардың кәсіби қызметін әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ететін бірыңғай мультимедиялық ақпараттық кешен.

Клиптік ойлау – (clip ағылш., «мәтін фрагменті», «кесу») - адам ақпаратты фрагментті, қысқа бөліктер мен жарқын бейнелермен қабылдайтын, зейіні шоғырлана алмайтын және үнемі бірінен екіншісіне ауысатын ойлау түрі.

Құзыреттілік – қандай да бір мәселедегі хабардарлық, тәжірибе, бедел; мәселені шешу құқығына ие болу.

МКДЖ (мұғалім көшбасшылығын дамыту жұмысы) – мұғалімнің көшбасшылығын дамытуға жәрдемдесудің ерекше нысаны болып табылады, оның мәні мұғалімдердің тәжірибені жақсартуға бастамашы болуы; өзгерістер енгізу үшін әріптестермен стратегиялық шешімдер қабылдау; бірлескен қызметте фактілерді жинау және пайдалану; кәсіптік білімді құруға және таратуға үлес қосу. RRLU «мұғалімді оқыту мен оқу тәжірибесін жетілдірудегі көшбасшы ретінде» позициялауды мақсат етеді.

Мотивация –бұл адамның мінез-құлқын басқаратын, мінез-құлықтың (іс-әрекеттің) ұйымдастырылуын, бағытын, тұрақтылығын және белсенділігін анықтайтын әртүрлі сыртқы және ішкі факторлар жүйесінің әсерінен туындаған процесс.

Педагогикалық дизайн (ID) – бұл кәсіби педагогикалық практика саласында қолдануға болатын оқытудың ең тиімді, ұтымды және ыңғайлы тәсілдерін, әдістері мен жүйелерін әзірлеумен айналысатын ғылыми пән.

Тьютор –білім алушылардың жеке білім беру бағдарламаларын әзірлеуді және оны сүйемелдеуді жүзеге асыратын педагог қызметкер.

Тьюторант –тьютормен ынтымақтасатын жеке білім беру бағдарламасын қалыптастыру және іске асыру субъектісі.

3. Бағдарлама тақырыптары

Модульдер	Тақырыптары
1. НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ	1.1 ҚР МЖМББ стандарттарында, Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында (бұдан әрі – Тұжырымдама) білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық бағыттары
	1.2 ЖБМ жағдайында мұғалімнің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар
2.БАСҚАРУШЫЛЫҚ	2.1 Мұғалім қызметіндегі өзгерістерді басқарудың андрогогикалық моделі. МКДЖ - мұғалімнің көшбасшылығын дамытуға ықпал етудің ерекше нысаны ретінде
	2.2 Мотивацияның негізгі теориялары мәнмәтінде педагогтің кәсіби дамуындағы мотивацияның рөлі
	2.3 ЖБМ орта білім беру (TIMSS, PISA) және мектепке дейінгі білім беру (ECERS-R) сапасын халықаралық бағалаудың рөлі Қазақстан Республикасы білім беру мазмұнын жаңартудың алғышарттары
	2.4 ЖБМ жағдайында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен басқарудағы педагогикалық дизайнның негізгі идеялары
	2.5 Тьюторлық, LS және AR тәжірибесін ұйымдастыру контекстінде мұғалімнің жан-жақты инновациялық қызметі мен кәсіби дамуы
3. МАЗМҰНДЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ	3.1 Тьютордың, коучтың және ментордың ғылыми ойлауын дамыту
	3.2 Мұғалімдердің көшбасшылығын дамыту стратегиялары және Lesson Study педагогикалық тәсілін енгізу арқылы мектептерде оқыту мен оқудың сапасын арттыру
	3.3 Мұғалім тәжірибесіне Lesson Study енгізудің алгоритмі мен құралдары
	3.4 Action Research – педагог-практиктің әлеуметтік-педагогикалық, өзіндік рефлексиялық зерттеулерін ұйымдастырудың инновациялық түрі ретінде
	3.5 Шынайы сынып жағдайында AR жоспарлау және жүргізу

	3.6 Тьюторлықты ұйымдастыру технологиясы. Тьюторлық сүйемелдеу формалары мен әдістерінің жіктелуі
	3.7 Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББҚ) балалармен жұмыс жасауда тьютор, ментор қызметінің негіздері
	3.8 «LS ықшамсабақ» таныстырылымы
4. ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ	4.1 Педагогтар мен білім беру ортасының қажеттіліктерін ескере отырып, зерттеу жұмысын ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері
	4.2 Тьюторлық, LS және AR тәжірибені ұйымдастыруда қашықтан білім беру технологияларын қолдану әдістемесі
	4.3 Ақпараттық білім кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері
	4.4 Дөңгелек үстел «Заманауи мектептегі тьюторлық үдерістерді, LS және AR тәжірибесін басқарудың өзекті мәселелері»
	4.5 Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау
5. ВАРИАТИВТІК	5.1 Педагог мәртебесін әдістемелік қолдау, корпоративтік этика
	5.1 Сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуде 7 модульді пайдаланудың тұжырымдамалық идеялары
	5.2 Білім беру ұйымдарында консалтингтік қызметті ұйымдастыру және жоспарлау
	5.2 Оқыту мен оқытудың тиімділігін арттыру үшін кеңістіктік-ұйымдастырушылық ортаны модельдеу

4. Бағдарламаның мақсаты, міндеттері және күтілетін нәтижелері

Бағдарламаның мақсаты: жаңартылған білім беру мазмұны жағдайында Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың негізгі бағыттары мен нормативтік құқықтық актілерінің инновациялық форматына сәйкес тьюторлық, LS және AR процестерін модельдеу бойынша білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту.

Бағдарлама міндеттері:

1) андрагогика тұрғысынан ересектерді оқыту ерекшеліктеріне тұтас көзқарасты қалыптастыру, мұғалімдерді әдістемелік қамтамасыз етудегі тиімді білім беру технологияларының мәнін түсіну;

2) халықаралық зерттеулер (TIMSS, PISA, ECERS-R) тұрғысында ЖББМ-ның нормативтік құқықтық құжаттарындағы өзгерістердің себептері мен ерекшеліктерін түсінуді жетілдіру;

3) сапа менеджменті жүйесінің негізгі принциптері, іс-әрекетті жобалаудағы мотивацияның рөлі, өзін-өзі басқарудағы педагогикалық жобалау идеялары туралы түсінік беру;

4) LS тәжірибесін ұйымдастыру мен басқару және іс-әрекеттегі зерттеу принциптері (AR) саласындағы ЖББМ парадигмасы шеңберінде тьюторлық дағдыларды қалыптастыру; тьютор тәжірибесін, LS және AR процестерін ұйымдастыру және модельдеу ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;

5) инклюзивті білім берудің теориялық және практикалық аспектілерін пайдалану дағдыларын жетілдіру; педагог мәртебесін, корпоративтік этиканы әдістемелік қамтамасыз ету бойынша жұмыстың психологиялық аспектілерін жетілдіру.

Күтілетін оқу нәтижелері:

Курс соңында тыңдаушылар:

1) андрагогика тұрғысынан ересектерді оқыту ерекшеліктеріне тұтас көзқарасты қалыптастыра алады, мұғалімдерді әдістемелік қамтамасыз етудегі тиімді білім беру технологияларының мәнін түсіне алады;

2) халықаралық зерттеулер (TIMSS, PISA, ECERS-R) тұрғысынан ОАО-ның нормативтік құқықтық құжаттарындағы өзгерістердің себептері мен ерекшеліктері туралы түсінік қалыптастыру;

3) сапа менеджменті жүйесінің негізгі принциптері, іс-әрекетті жобалаудағы мотивацияның рөлі, өзін-өзі басқарудағы педагогикалық жобалау идеялары туралы түсінік алу;

4) тьюторлық, сабақты зерттеу (LS) тәжірибесі және іс-әрекеттегі зерттеу принциптері (AR) туралы түсінік қалыптасады және дағдыларын меңгереді;

5) инклюзивті білім берудің теориялық және практикалық аспектілерін пайдалану дағдыларын дамыту; мұғалім мәртебесін, корпоративтік этиканы әдістемелік қамтамасыз ету.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Білім беру бағдарламасы 5 модульден тұрады:

- 1) нормативтік-құқықтық;
- 2) басқарушылық;
- 3) мазмұндық-процессуалдық;
- 4) технологиялық;
- 5) вариативтік.

1-модуль. Нормативтік-құқықтық. Модульде ұсынылған дәріс тақырыптары тыңдаушыларға Қазақстан Республикасының Білім беру жүйесіндегі даму, тәрбие және оқыту үдерістеріне көзқарастардың өзгеруіндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық бағыттары мен қағидаттарын анықтауға және тьюторлық, сабақты зерттеу (LS) тәжірибесі және іс-әрекеттегі зерттеу (AR) қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттармен танысуға мүмкіндік береді.

2-модуль. Басқарушылық. Модульді оқу барысында тыңдаушылар мұғалімнің қызметіндегі өзгерістерді басқарудың андрагогикалық моделін, педагогтің кәсіби дамуындағы мотивацияның рөлін, педагогикалық дизайнның негізгі идеяларын, заманауи мектепте әдістемелік жұмысты тьюторлық, сабақты зерттеу (LS) тәжірибесі және іс-әрекеттегі зерттеу (AR) тәжірибесінде бақылауды ұйымдастырудың әдістерімен танысады.

3-модуль. Мазмұндық-процессуалдық. Модульді зерделеу барысында тыңдаушылар мақсат қою, ұйымдастыру, жоспарлау, тьюторлық қызметті ұйымдастыру кезінде бақылау, сабақты зерттеу (LS) және іс-әрекеттегі зерттеу (AR), білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша практиканың негізгі ережелерімен танысады. Тьюторлық сүйемелдеуде ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар жоспарлау негіздерімен жеке білім беру бағдарламаларын құру ерекшеліктерімен танысады.

Тыңдаушылар инновациялық білім беру технологиялары рөлінің маңыздылығы, ЖББМ-да «Білімді ұлт. Сапалы білім» Ұлттық жобасындағы құндылық бағдарларын іске асыру түсінігін қалыптастырады.

4-модуль. Технологиялық. Тыңдаушылар педагогтің кәсіби қызметінде заманауи қашықтан оқыту технологияларын қолдану тәжірибесінде ақпараттық технологиялардың әдістерін, тәсілдері мен құралдарын қолдану аясын кеңейтеді; қашықтан білім беру технологияларын қолдану, ақпараттық білім беру кеңістігіндегі киберқауіпсіздікті ережелерін зерделейді.

Тыңдаушылар дөңгелек үстелде тьюторлықты ұйымдастыру мен басқарудың өзекті мәселелерін талқылауға, Сабақты зерттеу (LS) және қазіргі мектептегі іс-әрекеттегі (AR) зерттеулерді жетілдіруге, «LS ықшамсабағын» таныстыру арқылы ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін жоспарлау бойынша жетістіктермен бөлісуге мүмкіндік алады.

5-модуль. Вариативтік. Бұл модульдің тақырыптары тыңдаушылардың кіріс сауалнамасымен анықталады. Бұл модульде тьюторлық процестердің негізгі бағыттары, Сабақты зерттеу (LS) және тақырып бойынша әдістемелік жұмыс жүйесіндегі (AR) іс-әрекеттегі зерттеу туралы айтылады

6. Оқыту процесін ұйымдастыру

Курстар келесі режимде ұйымдастырылады:

Бағдарламаның оқу-тақырыптық жоспары (бұдан әрі-ОТЖ) бойынша курс күндізгі (қашықтан) оқыту режимінде ұйымдастырылады. Оқу курсының ұзақтығы 80 академиялық сағатты құрайды.

Білім беру процесі біліктілікті арттырудың әрекеттік сипатын қамтамасыз ететін оқыту нысандары мен әдістерін қамтиды: дәріс, таңдау бойынша дәрістер, тренингтер, практикалық жұмыс, дөңгелек үстел, өзіндік жұмыс.

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін білім беру процесін ұйымдастыру кезінде кіріс және шығыс сауалнамасы қарастырылған, тыңдаушылардың білімін бақылау және бағалау мақсатында «LS ықшамсабақ» таныстырылымы өткізіледі.

7. Бағдарламаның оқу-әдістемелік қамтамасыз етілуі

«Тьюторлықты ұйымдастырудағы, LS (Lesson Study) және AR (Action Research) процестерін модельдеудегі педагогикалық дизайн» күндізгі (қашықтықтан, аралас) оқу режиміндегі курстың оқу-тақырыптық жоспары (80 сағат)

№ п/п	Сабақ тақырыбы	Дәріс	Тәжірибелік сабақ	Тренинг	Таңдау дәрісі	Ықшамсабақ	Дөңгелек үстел	Тестілеу	Барлығы
1.	НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ МОДУЛЬ	4							4
1.1	1.1 ҚР МЖМББ және ЖЖООКББ стандарттарында, мен Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында білім беру жүйесіндегі мемлекеттік саясаттың тұжырымдамалық бағыттары	2							2
1.2	ЖББМ жағдайында мұғалімнің қызметін реттейтін нормативтік-құқықтық құжаттар	2							2
2	БАСҚАРУШЫЛЫҚ МОДУЛЬ	10	8						18
2.1	Мұғалім іс-әрекетіндегі өзгерістерді басқарудың андроогикалық моделі. МКДЖ -мұғалімнің көшбасшылығын дамытуға ықпал етудің ерекше нысаны ретінде	2	2						4
2.2	Мотивацияның негізгі теориялары мәнмәтінде педагогтің кәсіби дамуындағы мотивацияның рөлі	2							2

2.3	ЖББМ орта білім беру (TIMSS, PISA) және мектепке дейінгі білім беру (ECERS-R) сапасын халықаралық бағалаудың рөлі Қазақстан Республикасы білім беру мазмұнын жаңартудың алғышарттары.	2	2						4
2.4	ЖББМ жағдайында оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру мен басқарудағы педагогикалық дизайнның негізгі идеялары	2	2						4
2.5	Тьюторлық, LS және AR тәжірибесін ұйымдастыру контекстінде мұғалімнің жан-жақты инновациялық қызметі мен кәсіби дамуы	2	2						4
3.	МАЗМҰНДЫҚ-ПРОЦЕССУАЛДЫҚ МОДУЛЬ	14	16	8		4			42
3.1	Тьютордың, коучтың және ментордың ғылыми ойлауын дамыту	2	2	2					6
3.2	Мұғалімдердің көшбасшылығын дамыту стратегиялары және Lesson Study педагогикалық тәсілін енгізу арқылы мектептерде оқыту мен оқудың сапасын арттыру	2	4						6
3.3	Мұғалім тәжірибесіне Lesson Study енгізудің алгоритмі мен құралдары	2	2	2					6
3.4	Action Research – педагог-практиктің әлеуметтік-педагогикалық, өзіндік рефлексиялық зерттеулерін ұйымдастырудың инновациялық түрі ретінде	2	4						6
3.5	Шынайы сынып жағдайында AR жоспарлау және жүргізу	2	2	2					6
3.6	Тьюторлықты ұйымдастыру технологиясы. Тьюторлық сүйемелдеу формалары мен әдістерінің жіктелуі	2	2	2					6
3.7	Ерекше білім беруді қажет ететін (ЕББК) балалармен жұмыс жасауда тьютор, ментор қызметінің негіздері	2							2
3.8	«LS ықшамсабақ» таныстырылымы					4			4
4	ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ МОДУЛЬ	4	4				2	2	12
4.1	Педагогтар мен білім беру ортасының қажеттіліктерін ескере отырып, зерттеу жұмысын ұйымдастырудың әдістемелік ерекшеліктері	2							2
4.2	Тьюторлық, LS және AR тәжірибені ұйымдастыруда қашықтан білім беру технологияларын қолдану әдістемесі	2	2						4
4.3	Ақпараттық білім кеңістігіндегі киберқауіпсіздік негіздері		2						2
4.4	Дөңгелек үстел «Заманауи мектептегі тьюторлық үдерістерді, LS және AR тәжірибесін басқарудың өзекті мәселелері»						2		2
4.5	Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау							2	2
5	ВАРИАТИВТІК МОДУЛЬ				4				4
5.1	Педагог мәртебесін әдістемелік қолдау, корпоративтік этика					2			2

	Сабақтарды ұйымдастыру мен өткізуде 7 модульді пайдаланудың тұжырымдамалық идеялары								
5.2	Білім беру ұйымдарында консалтингтік қызметті ұйымдастыру және жоспарлау								
	Оқыту мен оқытудың тиімділігін арттыру үшін кеңістіктік-ұйымдастырушылық ортаны модельдеу				2				2
	БАРЛЫҒЫ	32	24	8	4	4	2	2	80

Ескерту: Курстың бір академиялық сағаты 45 минутты құрайды (педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ педагог қызметін курстан кейінгі сүйемелдеу қағидаларына сәйкес/ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 7 тамыздағы №249 бұйрығы).

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігінің қалыптасу деңгейін анықтау үшін «LS ықшамсабақ» таныстырылымы өткізіледі.

1) «LS ықшамсабақ» таныстырылымы

Мақсаты– осы біліктілікті арттыру бағдарламасының модульдерін меңгеру нәтижелері бойынша Lesson Study процесін ұйымдастырудағы инновациялық тәсілдерді түсіну мен қолдануды бағалау.

«LS ықшамсабақ» таныстырылымын бағалау критерийлері (5 слайдтан артық емес):

«LS ықшамсабақ» таныстырылымын бағалау бойынша қорытынды ең жоғары – 15 балл.

Таныстырылым келесі шәкілдер арқылы бағаланады: 0 – дәлелдемелер ұсынылмады, 1 – дәлелдемелер әлсіз, 2 – дәлелдемелер күшті, 3 – дәлелдемелер өте күшті (*әрбір критерий бойынша максималды балл - 3*). *Таныстырылымның ұзақтығы: 5-7 минут*

№	Бағалау критерийлері	Баллдар				Қорытынды
		0	1	2	3	
1	Өзін-өзі таныстыру деректері дұрыс көрсетілген					
2	Ерекшелігі қарастырылады, әдістемелік аспект туралы түсінік байқалады					
3	Жұмыстағы қиындықтарды саралау тьютордың (педагогтың) қызметі мен өзін-өзі дамытуымен тікелей байланысты кемінде 5 гар ұсынылған.					
4	Өзін-өзі дамыту траекториясы SMART мақсат қою арқылы қолдау табады, тьютордың (педагогтың) қызметі мен өзін-өзі дамытуымен байланысты					
5	Тьютордың (педагогтың) өзін-өзі дамытуының кемінде 3 қадамы әзірленді.					
Қорытынды балл (max – 15 балл)						

9. Курстан кейінгі қолдау

1-кезең – куратордың (оқытушының) консультациялар курсы, әртүрлі байланыс құралдарын (e-mail, мессенджерлер, әлеуметтік желілер (WhatsApp және т.б.), сервистер (Google - Duo, Hangouts және т. б.)), Интернет – платформаны қолдана отырып, он-лайн іс-шараларды өткізуі;

2-кезең – пилоттық ұйымның жұмыс тәжірибесін (тыңдаушылардың құзыреттілігін) электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер арқылы зерделеу. Оларды қажетті әдістемелік және цифрлық ресурстармен қамтамасыз ету, әдістемелік десанттарды жүзеге асыру;

3-кезең – куратор (оқытушы) тыңдаушылардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға қажетті қолдауды жүзеге асырады:

- семинарларда, дөңгелек үстелдерде сөз сөйлеу (аймақтық, облыстық, республикалық деңгейдегі);
- кәсіби конкурстарға қатысу (облыстық, республикалық деңгейдегі);
- сараптама тобының құрамына қатысу (жұмыстар және т. б.);
- облыстық, республикалық және халықаралық деңгейдегі басылымдарда, БАҚ-та ғылыми-әдістемелік мақалалар жариялау (авторлық бірлестікте болуы мүмкін).

10. Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

Негізгі әдебиеттер:

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. № 319-III, Қолданыстағы өзгерістер және толықтыруларымен) // <http://adilet.zan.kz>

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

3. «Білімді ұлт» сапалы білім беру» ұлттық жобасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы № 726 қаулысы. // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2100000726>

4. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысы // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000249>

5. «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 20.03.2015ж № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (ҚР БҒМ 3.11.2021 ж. №547 бұйрығымен енгізілген өзгерістермен) // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1500010768>

6. Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы. ҚР Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі № 472 бұйрығы.

7. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ // <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1900000293>

8. «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы).

9. Педагог мәртебесі туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI ҚРЗ.

10. «2023-2024 оқу жылында Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2023. – 104 б. // <https://uba.edu.kz/storage/app/media/2023%20%D3%98%D0%9D%D0%A5/%20%20%D0%BA%D0%B0%D0%B7%2028%2008%202023.pdf>

11. Lesson Study: Нұсқаулық. - <https://lessonstudy.co.uk/lesson-study-a-handbook/>
12. Андрагогика – искусство и наука обучения взрослых. Публикация на ресурсе Neuch.org. Современное образование,- от 21.06.2012г. <http://neuch.org/realias/andragogika-iskusstvo-i-nauka-obucheniya-vzroslykh>.
13. Исследование в действиях. - <https://kstatelibraries.pressbooks.pub/gradactionresearch/chapter/chapt1/>
14. Исследование урока как метод коллаборативного обучения: метод. рекоменд. /К.С.Абдраманова, Б.К.Ділманов. – Астана: АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы» Центр педагогического мастерства, 2017. – 80с.
15. Мясников В.Н. Дистанционный семинар для тьюторов. Публикация на ресурсе г. Балаково. -2008. - <http://letopisi.org/index.php/%D0>).
16. Овчинников Ю.Д. Организация деятельности тьютора в системе образования / Ю. Д. Овчинников// Научное обеспечение системы повышения квалификации кадров: научно-теоретический журнал. - 2014.-№4. - С.83-87.
17. Основы андрагогики. Под ред. И. А. Колесниковой. Москва, АСАДЕМА. – 2007.- с. 93.
18. Особенности тьюторского сопровождения развития профессиональной компетентности педагогов в условиях постдипломного образования. Часть 1. Учебно-методическое пособие / Авторы-составители С.В. Кривых, Н.Н. Кузина. – СПб.: ИПК СПО, 2014. - 92 с.
19. Сабақты зерттеу (Lesson study): А-дан Я-ға дейін: әдістемелік ұсынылым /Ж.К. Байғаринова. – Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері»ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017. – 36 б.
20. Т. Чичибу (Жапония), Л. Ду Тоит (Оңтүстік Африкалық Республикасы), А. Тулепбаева (Қазақстан Республикасы). Lesson Study бойынша мұғалімдерге арналған нұсқаулық= Руководство для учителей по реализации подхода Lesson Study= Handbook for teachers on Lesson Study/ағылшыншадан аударылған / Чичибу Т., Ду Тоит Л., Тулепбаева А.-Астана: «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ-ның педагогикалық шеберлік орталығы, 2013,-Астана: Центр педагогического мастерства АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы», 2013, - Astana: Center of Excellence АЕО «Nazarbayev Intellectual Schools», 2013.

Қосымша әдебиеттер:

1. Chen, X., & Yang, F. (2013). Chinese teachers' reconstruction of the curriculum reform through lesson study. *International Journal for Lesson and Learning Studies*, 2(3), 218-236.
2. Danielson, C. 2007. Повышение профессиональной практики: рамки для обучения. Александрия, Вирджиния: Ассоциация надзора и разработки учебных программ.
3. Dudley, P. (2011 a). Lesson Study development in England: from school networks to national policy. *International Journal for Lesson and Learning Studies*, 1(1), 85 – 100.
4. Dudley, P. (2015). How Lesson Study works and why it creates excellent learning and teaching. In
5. <https://lessonresearch.net/>
6. Kuno, H. (2015). Evolving the curriculum through Lesson Study in Japan. In Dudley (ed.), P., *Lesson Study: Professional learning for our time*. New York: Routledge.
7. Lewis, C., & Tsuchida, T. (1998). A Lesson Is Like a Swiftly Flowing River: How Research Lessons Improve Japanese Education. Retrieved from: <http://www.lessonresearch.net/lesson.pdf> [accessed: 20.08.2016]
8. Lewis, K., & Takahashi, A. (2013). Facilitating curriculum reforms through lesson study. *International Journal for Lesson and Learning Studies*, 2 (3), 207 – 217.
9. Nakano, K. (2011). Preface. *National Association for the Study of Educational Methods, Lesson Study in Japan*. Hiroshima: Keisuisha.

10. Stigler, J.W., & Hiebert, J. (1999). *Teaching gap: Best ideas from the World's teachers for Improving Education in Classroom*. New York: The free Press.
11. Takahashi, A., & Yoshido, M. (2004). *Ideas for Establishing Lesson Study Communities. Teaching children Mathematics*. Retrieved from: http://education.ucf.edu/rtp3/docs/RTP3_Resources_Lesson_Study_Communities.pdf [accessed: 20.08.2016]
12. Tan-Chia, L., Fang, Y., & Chew Ang, P. (2013). *Innovating the Singapore English Language curriculum through lesson study*. *International Journal for Lesson and Learning Studies*, 2 (3), 256 – 280.
13. Бартон, КС (2015). *Техники выявления: заставить людей говорить об идеях, о которых они обычно не говорят. Теория и исследования в области социального образования*, 43 (2), 179-205.
14. Биеста, Г., и Теддер, М. (2006). *Как возможно агентство? К экологическому пониманию деятельности как достижения. Обучение жизни: обучение, идентичность и свобода действий на жизненном пути*.
15. Блейки, Н. (2007). *Подходы к социальным исследованиям: расширение знаний*. Политика.
16. Бэсси, М. (1998). *Исследование действия для улучшения образовательной практики. Исследования учителей и улучшение школы: открывая двери изнутри*, 93-108.
17. Глазерсфельд, Э. В. (1987). *Построение знания, вклад в концептуальную семантику*. Салинас, Калифорния; Публикации Intersystems.
18. Глоссарий к уровневому Программам курсов повышения квалификации педагогических работников РК, разработан ЦПМ совместно с Факультетом образования Кембриджского университета: учебно-методическое пособие – Астана: ЦПМ АОО «Назарбаев Интеллектуальные школы». – 2012. - 164 с.
19. *Как проводить исследование в действии: метод. рекоменд./Элейн Уилсон*. - <http://fmsh.nis.edu.kz>
20. *Ключевое понятие андрагогического подхода. Кукуев А.И.// Известия Южного Федерального Университета. Педагогические науки. № 9, 2009.– С.57-64.*
21. Карр, В., и Кеммис, С. (2003). *Стать критическим: образование, знание и исследование в действии*. Рутледж.
22. Кеммис, С., и Мактаггарт, Р. (2000). *Совместное исследование действия*. В Н. Дензин и Ю. Линкольн (ред.), *Справочник по качественным исследованиям*. Лондон: Сейдж.
23. Кладинин, ди-джей, и Коннелли, FM (2000). *Нарративный запрос: опыт и история качественного исследования*. Сан-Франциско, Калифорния: Джосси-Босс.
24. Колб, Д.А. (2014). *Экспериментальное обучение: Опыт как источник обучения и развития*. Река Аппер-Сэдл, Нью-Джерси: Пирсон.
25. Коллингвуд, Р.Г. (1939). *Автобиография*. Оксфорд: Издательство Оксфордского университета.
26. Коро-Юнгберг, М., Йендол-Хоппи, Д., Смит, Дж. Дж., и Хейс, С. Б. (2009). (Е) *пистемологическая осведомленность, конкретизация методов и неосведомленная методологическая двусмысленность в качественных исследовательских проектах. Образовательный исследователь*, 38 (9), 687-699.
27. Коши, В. (2010). *Исследование действий для улучшения образовательной практики: пошаговое руководство*. Мудрец.
28. Кресвелл, Дж. В. (2007). *Качественный запрос и дизайн исследования: выбор из пяти дизайнов*. Тысяча дубов, Калифорния: Sage.
29. Кресвелл, Дж. В. (2009). *Дизайн исследования: Качественные, количественные и смешанные методы* (Том 4). Тысяча дубов, Калифорния: Sage.

30. Левин, М., и Гринвуд, Д. (2001). Исследования прагматичных действий и борьба за превращение университетов в обучающиеся сообщества. *Справочник по исследованию действий: совместное исследование и практика*, 103–113.
31. Линкольн, Ю.С. (2001). Привлечение симпатий: отношения между исследованием действия и социальным конструктивизмом. В П. Ризон и Х. Брэдбери (ред.), *Справочник по исследованию действий: совместное исследование и практика*, 124–132. Лондон: Сейдж.
32. Макинтайр, К. (2012). *Искусство исследования действия на уроке*. Издательство Дэвида Фултона.
33. Макнифф, Дж. (2013). *Исследование действием: Принципы и практика*. Рутледж
34. Махер, Ф.А., и Тетро, М.К. (1993). Рамки позиционности: построение содержательных диалогов о гендере и расе. *Антропологический Ежеквартальный*, 118-126.
35. Мертлер, Калифорния (2008 г.). *Исследование действия: Учителя как исследователи в классе*. Мудрец.
36. О'Дочартей, Н. (2007). *Навыки интернет-исследований: как искать литературу и находить исследовательскую информацию в Интернете*. Лондон; Мудрец.
37. О'Лири, З. (2004). *Основное руководство по проведению исследований*. Лондон; Мудрец.
38. Павлуцкий А.В., Алехина О.Е. Обучение действием: новый подход к корпоративному обучению и развитию персонала // *Управление персоналом*, 2001. № 5. С. 15-19.
39. Педагогический мониторинг в системе активного обучения учителей на курсах повышения квалификации: Метод. пособие для системы повышения квалификации педагогических кадров/Под ред. Б.А.Тургумбаевой и В.Т.Тихомировой – Алматы, 2006. - 76 с.
40. Ризон, П., и Брэдбери, Х. (ред.). (2001). *Справочник по исследованию действий: совместное исследование и практика*. Мудрец.
41. Романова, И.В. Организационно-педагогические условия формирования тьюторской позиции педагога по отношению к обучаемым / И. В. Романова// *Методист*. - 2015.-№1. - С.9-12.
42. Сагор, Р. (2010). *Руководство по практическим исследованиям: четырехэтапный процесс для педагогов и школьных команд*. Корвин Пресс.
43. Саид, ЕW (1997). *Начало: намерение и метод*. Книги Гранта.
44. Сванц, М.Л. (1996). Личный документ с изложением позиции по совместному исследованию: личный поиск живых знаний. *Качественное исследование*, 2(1), 120-136.
45. Тьюторское сопровождение индивидуальных образовательных программ на разных ступенях обучения [Электронный ресурс]: материалы междунар. науч.-практ. конференции (28-30 марта 2012г.,г.Пермь/под общ. ред. Л.А.Косолаповой; Перм.гос. гуманит.-пед. ун-т.-Пермь:ПГППУ,2012.-205с.-: <http://pedagog.pspu.ru/attach/tutor-conf/tutor-conf.Perm.28-30.03.2012.pdf>
46. Хопкинс, Д. (2003). *Улучшение школы по-настоящему*. Лондон: Рутледж.
47. Хукс, Б. (1991). Теория как освободительная практика. *Йельский университет JL и феминизм*, 4, 1.